

Ақпараттық-насихат тобы тыңдаушылармен кездесті.



Ағымдағы жылдың 15 сәуірінде Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының тыңдаушылары «Нұр-Мұбарак» университетінің білікті, білімді қызметкері, Жасұлан қажы Әлімханұлымен және Қостанай қаласының бас имамы Шоқан қажы Әмірхановпен кездесті.

Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов тыңдаушыларға қонақтарды таныстырып, оларға сөз берді.

Еліміз азаттыққа қол жеткен күннен бастап Ислам дініне үлкен мән беріле бастады. Ислам дінінің негізін салушы – Мұхаммед Пайғамбар. Мұхаммед Пайғамбар – адамзатқа екі дүниеде бақытты болудың жолын көрсетті. Адам баласын қараңғы түнектен нұр шашқан жарыққа шығарып, тығырықтан құтқарып сара жолға салды. Алматы қаласында жоғары білімді имамдарды даярлайтын «Нұр-Мұбарак» университеті жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда «Нұр-Мұбарак» университеті исламтанушыларды, дінтанушыларды араб тілі мен әдебиетінің аудармашыларын даярлайды. Аталған университеттің мақсаты мешіттерде жұмыс істейтін маман даярлау, сондай-ақ, біздің бабаларымыздың мирас етіп қалдырған тарихымызды, мәдениетімізді, дәстүрлерімізбен діни нанымдарын үйрету Тәуелсіз мемлекетіміздегі барша жұртшылыққа бірлік, достық және бейбітшілік деген

сөздердің маңыздылығын түсіндіру болып табылады. «Нұр-Мұбарак» университетін бітірушілер мұсылмандық парыз бен имандылық жолын ұстаушы, исламтану саласында жұмыс жасап, жастарды дұрыс және тура жолға түсуіне көмек беретін, ислам дінін насихаттап, ұлттар арасындағы өзара қарым-қатынастың әрқашан сыйластық пен достықта, бірлік пен күш-жігерде, ынтымақтастық пен татулықта екендігін уағыздайтын, бүгінгі күнге лайықты білімді, білікті мамандар болып қызмет атқаратын ұстаздар.

Кездесу барысында, Жасұлан қажы Әлімханұлы өзінің өмірбаянына қысқаша тоқталды. Ол Арқалық қаласында дүниеге келген. Сол қалада денешынықтыру сабағының оқытушысы болып, 4 жыл қызмет атқарып жүрген уақытында Арқалық қаласының мешітіне барып жүрген. Оның әкесі кезінде молда болған.

Молда – бұл араб сөзі, синонимі имам. Ол – мырза, әмірші, ғалым, діни рәсімдерді атқарушы ұстаз. Имам – мұсылмандардың дінге де, дүниеге де қатысты істерін бірдей басқарушы. Әр қоғамның, мемлекеттің және мекеменің өз басқарушысы болады. Сол сияқты әр топтың білімді де білікті топ басы (көшбасшы) болатыны белгілі. Әр топта білім, ғылым және басқа сала жағынан болсын, жеңіске жетелеп, қиындық кездерінде қолұшын беретін топ басы болса, онда жақсы. Адам бір жақты болмауы керек. Дүние мүлік пен дінді бірге алып жүруі қажет. Сіздер болашақ полиция қызметкерлері әрқашан адамгершілік, жауапкершілік, қайсарлық, өжеттілік қасиеттерін жадыларыңызда сақтап, тәртіпті бұзуға жол бермейтін, білікті кәсіби мамансыздар, - деді.

Кездесу барысында тыңдаушылар тарапынан бірқатар сұрақтар қойылды.

Кездесу соңында, Жасұлан қажы Әлімханұлына және Шоқан қажы Әмірхановқа Академия басшылығы алғыстарын білдіріп, естелікке суретке түсті.

ҚР ИМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының баспасөз қызметі